

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№5 ХАТТАМАСЫ**

2024 жыл «24» желтоқсан

Кеңестің толық атауы: Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№12 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің **Қамқоршылық кеңесі**

Кеңестің орналасқан жері: Шахан кенті, 14-орам 6Ақұрылыс

Отырыстың өткізілетін жері: ҚО ББ Шахтинсек қаласы ББ «№12 жалпы білім беретін мектебі» ММ

**Қамқоршылық кеңесіне
қатысқандар (ҚК мүшелері): 13
Қатыспағаны: 1**

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мектеп қаржысының тиімді жұмсалуды, кәріз құбырларын жөндеу және мектепті жабдықтау туралы.
2. Мектеп асханасындағы ұсынылатын тағам сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия жұмысының қорытынды есебі.
3. Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шаралар туралы.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Мектеп қаржысының тиімді жұмсалуды, мектептің кәріз құбырларын жөндеу және мектепті жабдықтау туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Бірінші сұрақ бойынша Рамазанова Эльвира Нуркеновна – мектеп директоры.

2024 жылы мектептің кәріз құбырларын жөндеу жұмысы қолға алынды, Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстың жеңімпазы "Сущенко" ЖК болды. 1689,39 ыың қаражат жұмсалып, кәріз құдығы жөнделді, су құбырлары ауыстырылды.

2024 жылдың желтоқсан айында материалдық-техникалық базаны толықтыру мақсатында терезелерге ролл-штор алу бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсы ұйымдастырылды. 800 мың көлемінде қаражат жұмсалып, мектептің үш қабатына ролл-штор алынып, ілінгенін айтты.

ШЕШІМ:

Мектеп қаржысының тиімді жұмсалуды жайлы қамқорлық кеңесі мүшелері толық ақпарат алды және мүмкіндігінше қажет болған жағдайда ҚК тарапынан қолдау көрсетілсін.

ТЫНДАЛДЫ:

2. Мектеп асханасындағы ұсынылатын тағам сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия жұмысының қорытынды есебі.

СӨЙЛЕДІ:

Екінші сұрақ бойынша Рахманова Айгерім Маратовна – қамқоршылық кеңесінің мүшесі.

Тамақтану блогының санитарлық-техникалық жағдайы санитарлық талаптарға сай болуын және тағамдың сапалы дайындалуын тексеру үшін мониторинг жүргізілді.

Комиссия мүшелері ағымдағы оқу жылының 1-жарты жылдығына арналған жұмыс жоспары бойынша мектеп асханасына жүргізілген рейдтер нәтижесі төмендегідей болды.

- келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасын тексеру;
- отандық тауарлардың азық-түлік өнімдеріне СТ-KZ сертификаттарының болуы;
- Ас блогында дайындалған тағамдардың сапасы;
- технологиялық жабдықтың болуы және жарамдылығы;
- өнімдерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарын сақтау;
- балалардың нақты диетасының күнделікті, перспективалық мәзірге сәйкестігі;
- асхананың санитарлық жағдайы.

Асхананың ас әзірлейтін бөлігінде тағамдарды және аспаздық өнімдерді дайындаудың технологиялық процесін қамтамасыз ету бойынша жұмысты асхана жалгері

Жеке кәсіпкер Қамбар А.С ұйымдастырады.

Асхананың санитарлық жағдайы жақсы, азық-түлік өнімдеріне СТ-KZ сертификаттары бар, технологиялық жабдықталған, барлығы жаңа. Тамақтанудың іс-жүзіндегі тағам рационына бекітілген жыл маусымдарын(жаз-күз, қыз-көктем) ескерумен төрт апталық мәзірге сәйкес жүргізіледі. Бір оқушыға берілетін порциялық тағамның салмағының шығымы (нормалары) жас ерекшеліктеріне қарай ас мәзірінде көрсетілген дайын тағамдардың шығуына сай келеді.

Мектеп медбикесі Дюсембина А.К күн сайын асханада дайындалған тамақтарды тарату алдында күнделікті сынама жүргізеді және тағамның дайындалу сапасы жайлы бракераж журналына жазып отырады. Комиссия мүшелері сырттан әкелінетін тамақтардың сапасы мен жарамдылық мерзімдеріне де бақылау жасайды.

ШЕШІМ:

Мектеп асханасындағы ұсынылатын тағам сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия 2-жарты жылдықта жұмысы «жақсы» деп есептелінсін және жүйелі жалғастырылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

3. Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шаралар туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Үшінші сұрақ бойынша Рахметжан Айман – директордың ТЖ орынбасары. Сыбайлас жемқорлық қоғамдық даму жолында бар және елдің және мемлекеттік режимнің имиджіне өте теріс әсер ететін басты проблемалардың бірі болып қала береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жаһандық маңызы бар және қызметтің басым бағыты ретінде айқындалған саяси-құқықтық міндеттердің бірі болып табылады. Сондықтан мектебімізде

сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты мәселелерге ерекше назар аударылады. Сыбайлас жемқорлықтың көріністері қоғамға елеулі зиян келтіреді, мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін төмендетеді, олардың беделіне нұқсан келтіреді және халықтың әлеуметтік бытыраңқылық деңгейін арттыруға ықпал етеді. Сыбайлас жемқорлықты жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру және нығайту құралы ретінде пайдалануды болдырмау, сондай-ақ нарықтық қатынастарға әлеуметтік қолдау жасау қажет.


Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға ерекше назар аударылды. Ай сайын ақпараттық оқу сабақтары өткізіледі, оның барысында қызметкерлердің назарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормалары және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысу тәсілдері жеткізіледі және түсіндіріледі.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, ашықтық пен жариялылық қағидатын жүзеге асыру мақсатында мектеп қызметі ата-аналарға, оқушыларға қолжетімді мектептің ресми сайтында және интернет-ресурсында қамтылған.

ШЕШІМ:


Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алудың тиімді әдістерін енгізуді жалғастырылсын және мектеп қажеттілігіне ата-аналардан ақша жинауға жол берілмесін.

**Төрайым
Хатшы**



**Сарсенбаева Г.А
Рахметжан А**

**Қамқоршылық
кеңесінің
мүшелері**



Суюнжановна А.М
Рахманова А.М
Сапакова Ж.Б
Ситахметова А.К
Айтан Ш
Алибатинова И.Б
Кулкаева К.Т
Эргашева Г.Б
Мухтарова З.Е
Сарсенбаева Н.Ш
Сейтбекова Г. С
Алимбаева З